

Сыр бойынан шыққан қайраткерлер

Сыр бойында аттары алтын әріппен жазылуға тиісті Алаш қайраткерлерінің аз болмағанын тарихтан білеміз. Сондай тарихи тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқайұлы.



**Мұстафа Шоқай
(1890-1941)**

Мұстафа Шоқайұлы 1890 жылы 7 қаңтарда қазіргі Қызылорда облысының Шиелі ауданына қарасты Сұлутөбе ауылында дүниеге келген. Мұстафаның әкесі Сыр бойында белгілі Шоқай би болған. Ал Шоқайдың әкесі Торғай Сыр бойына өте беделді, «датқа» деген құрметті атақты иеленген кісінің бірі болатын. Мұстафа алты жасында ауылдағы бастауыш білім беретін діни мектептің табалдырығын аттап, оны екі жылда бітіреді. Жасы сегізге толғанда Ташкентте жалдамалы оқытушыдан білімін жалғастырып, орысша үйренеді, осылайша гимназияға түседі. Оны алтын медальмен үздік бітіріп шығып, Петербордағы императорлық университеттің заң факультетіне оқуға түседі. М. Шоқай Петербор университетін бітіргеннен кейін 1916 жылы Қазан қаласына келеді. Онда «Түркістан бірлестігі» деп аталатын құпия ұйым ашылып, соған мүше болады. Ол 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Петерборға қайтадан соғып, Түркістан өлкесіне оралады. XX ғасырдың бірінші жартысы қазақ еліне көп өзгерістер алып келді. Атап айтсақ, патша өкіметінің құлағанын құттықтап және жаңа өкіметке қолдау білдірген жұмысшылардың және еңбекшілердің көп адам қатысқан митингілері мен шерулері 1917 жылдың наурыз айының орта кезінде Ақмешітте өтеді. Оған Ақмешіт уезінің әр жерде қызметте жүрген белгілі Сыр бойынан шыққан тұлғалар: Петербургтен М. Шоқай, Термезден С. Лапин, Самарқаннан Х. Ибрагимов, Әндижаннан Қ. Қожықов, Қармақшыдан И. Қалымов тағы басқа азаматтарды Перовскідегі басқару

орындарын ұйымдастыруға шақырады. Бұл тұлғалар сөздерінен келіспеушілік сезінгендіктен Ақмешітте үш рет бір мазмұндағы митингілер өтеді. Осының негізінде жергілікті ұлт өкілдерінен тұратын ұйымдастыру комиссиясы құрылады. Ол комиссияны заңгер, Сыр бойының белгілі азаматы Сералы Лапин басқарған. Сондай-ақ бұл кезеңде Ақмешітте екі бағыт болатын. Бірі ескі кезеңді, екіншісі советтік билікті жақтаушылар. Айтыс-тартыс бірнеше рет қайталанып, ақырында 7-8 мыңдай адам қатысқан митингіде Ақмешіт уездік атқару комитетінің құрамын сайлап, оның төрағалығына Ералы Қасымов пен Мұстафа Шоқайды сыртынан сайлап бекіткен /1/. Ералы Қасымов – Сыр бойы тарихында өзіндік орны бар батыр әрі хан болған Елікей Қасымовтың баласы.

1917 жылы сәуірде құрылған Кеңестермен М. Шоқай Ақмешітте болған екі күн ішінде көптеген кездесулерге қатысады. Ақмешіттен Ташкентте бара жатқанда жолай Жөлек (Бәйгеқұм), Шиелі, Жаңақорған, Түркістан, Арыс және басқа станциялар мен аялдамаларда орыс солдаттары Кеңесінің жергілікті халыққа жасаған қиянаттарын Мұстафа өз көзімен көреді, сауатсыз орыс солдаттарының тілмаштармен бірге ауылды аралап, халықты ашықтан-ашық тонайтындығының куәсі болады. Мұстафа Шоқай ақпан төңкерісінен кейінгі Түркістандағы басқару жүйесі жұмысшы, солдат депутаттарының қолында болғанын, алайда бұл Советтерді алаңсыз орыс шаруалары мен орыс солдаттары, орыс жұмысшылары басқарғанын айта келіп, «... Олар орыс үкіметінің Түркістандағы жергілікті халықтардың жерін тартып алу үшін қоныстанғандар, ал солдаттар орыс губерниясынан шыққандар немесе Түркістанның орыс тұрғындары еді» /2/ – деп жергілікті халықтың үкімет басқаруға араласпағанын айтады. Қазақ ұлт-азаттық либералдық қозғалысының басшылары осындай жағдайда Жалпықазақ төтенше съезін өткізді. Съезд 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда болды. Бұл Жалпықазақ съезінің делегаттары ұлттық автономия проблемасына, жер мәселесінің шешілуіне, Құрылтай жиналысына әзірлікке және қазақтың саяси партиясын құруға басты назарын аударды. Съезде Құрылтай жиналысын шақыру мәселесін талқылап, депутаттыққа кандидаттардың тізіміне 81 адам енгізілді. Олардың ішінде Қазақстанның барлық аймақтарының, сондай-ақ қазақ қауымдарының өкілдері басым Бұқарада, Ферғана мен Хиуада және басқа аймақтардан қазақтар болды. Сырдария облысынан Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидаттар болып М. Шоқай, Ә. Кенесарин, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, Ғ. Оразаев, С. Қошанов, А. Мангелдин т.б. ұсынылды. Байқап отырсаңыздар осылардың ішінде Сыр бойынан шыққан Мұстафа Шоқай, Нәзір Төреқұлов, Сұлтанбек Қожанов қазақтың бетке ұстар азаматтары болды.

Совет тарихында қазақ халқы Октябрь төңкерісінің жеңісін және Совет үкіметінің орнауын қуанышпен қарсы алды делінетін тұжырымдар жасалғаны мәлім. Бұл большевиктердің өз іс-әрекетін ақтау үшін айтылған пікірлер екендігі түсінікті. Шынында да Түркістанда большевиктерді қазақ қоғамы қалай қабылдады? Мұстафа Шоқайдың пікірінше, Октябрь төңкерісінің алғашқы күндері өлкенің жергілікті саяси күштері сол кездегі

жағдайға дұрыс баға бере алмады. Олардың бір бөлігі большевиктердің іс-әрекетін түсінбесе, екіншілері большевиктердің ұлттар теңдігін орнату жөніндегі уәделеріне үмітпен қарады. Сонымен қатар, Түркістан халықтарының соның ішінде қазақ жұртының да Қазан төңкерісіне ешқандай қатысы болмағандығын айтып, большевиктер үкімет басына келгеннен кейін берген уәделерін орындамағанын сынайды /3/. Ташкент қаласындағы оқиғаларға куәгер болған М. Шоқай «1917 жылғы естеліктерінде» Түркістанда жергілікті халықты билеу үшін көшелерде шайқас жүріп жатқанда олар бейтарап көрермен болып қалды» /4/ деп сол күндердегі Түркістандағы жергілікті мұсылман халықтарының ахуалынан нақты мәлімет береді. Шын мәнісінде қазақ зиялылары Советтерді патшалық әкімшіліктің бұрынғы органдарының орнын басқан жат құбылыс ретінде қабылдады. Сыр өлкесінде әр түрлі жолдармен билік басына келген бұрынғы патша шенеуніктерінің бірі И. Герждодтың тұсында озбырлық пен әділетсіздіктер молынан орын алады. Перовск уезіндегі депутаттар Советінің төрағасы Иосиф Герждодь басшы қызметте болған екі жыл ішінде (1918-1919) оның жеке бұйрығымен 200-ден астам адам заңсыз атылып, шаруалардың көпшілігі мал-мүлкінен айырылып, талан-таражға түсіп, көпшілігі босқынға ұшырап, елден жыраққа ауып кеткен. Мұстафа Шоқай 1935 жылы Парижде басылып шыққан «Советтер билігіндегі Түркістан» атты кітабында: «Перовскіде Герждодь деген әкім отырды. Одан тұтас бір халық – қырғыздар (қазақтар) үдере көшті. Бұл үдере көшу барысында бір миллионға жуық адам қырылды» /5/, – деп жазды. Ақмешіт тұрғындарының 1918 жылдың 20 мамырында Герждодтың үстінен жазған өтініштерінде ол қызметке кіріскен бойда уезд тұрғындарына 3 миллион сом салық салғанын, Ақмола облысына экспедиция жабдықтау үшін 4000 бас түйенің тартып алынғанын, Перовск түрмесінде ешқандай кінәсі жоқ 300-дей адамның қамалғанын хабарлайды. Түркістан Орталық атқару Комитеті Перовскіден тоқтаусыз келіп жатқан арыздарды қарау үшін арнайы комиссия жасақтап Перовскіге жіберілді. Комиссия мүшелері жергілікті жердегі жағдаймен таныса келіп, депутаттар Советінің төрағасы өзімбілемдікке салынған, Орталық өкімет нұсқауларына бағынғысы келмейді, еңбекшілердің, әсіресе, мұсылман шаруаларының ұсыныс-пікірлерімен санаспайды деген қорытынды жасайды. Мәскеуден келген комиссия да Герждодтың күнәсінің көптігіне күмән келтірмеді. Осыдан кейін Түркістан Орталық Атқару комитетінің шешімімен Перовск депутаттар Советі таратылып, орнына революциялық комитет тағайындалады. Герждодтың үстінен тексеру жүргізіліп, заңсыз әрекеттері үшін екі жылға бас бостандығынан айырады. Алайда, Иркутск қаласында жазасын өтеп жатқан Герждодь әйелінің үкімге наразылық білдіруінен кейін мерзімінен бұрын босанып кетеді. Тұрар Рысқұлов пен Иса Тоқтыбаев Москва билеушілерінің қарсылығына қарамастан оны қайта ұстатып, Орынбор түрмесіне жаптырады /6/. Аталған Иса Тоқтыбаев та Сыр бойының шыққан белгілі тұлға.

Кезінде Мәскеудегі «Шығыс» баспасын басқарған, Сыр бойынан шыққан қазақтың сауатты ақыны, ағартушы Жүсіпбек Басығараұлы Герждодтың қанышерлік саясатына қарсы болғандығы үшін жазықсыз

қудалауға түскен. Ақыры Гержод Жүсіпбек Басығараұлын ұстай алмағасын оның үш баласын ұстап бір окпен атып жіберген деген ел ішінде әңгіме қалған. Қайғыдан ішқұсалық азабын тартқан Жүсіпбек ақсақал өзі де артынша көп ұзамай Ташкентке өлген, артында ұрпақ қалмаған. Айтқанын істемегені үшін Қуандария болысының қазағы, өткір тілді, батыл кісі болған Зарқұм Қуанышұлы ұсталып, қамалып, оның 54 түйесі, бірнеше аты тәркіленген. Зарқұмды Сейдахмет, Жүсіпахмет, Нұрахмет, Бекжүсіп атты балаларымен бірге төрт немере інісін «Керкелместе» Гержод аттырып жіберген. Зарқұмның ең кенже баласы Жүсіпбекті тай қазан астына тығып аман алып қалған, бүгінде Зарқұмның ұрпақтары жалғасып келеді /7/.

1930 жылдары Бүкіл Қазақстан аумағын қасірет пен аштық жайлады. Профессор В. Григорьевтің дерегі бойынша 1930 жылдың басы мен 1931 жылдың ортасы аралығында тұрғылықты жерлерінен 280 мың отбасы немесе 1 миллион 700 мыңға жуық халық үдере көшті. Қабырғасы қатаймаған колхоз адамдары малынан айырылды. Оның үстіне 1931 жылы республика аумағының көптеген жерлерін құрғақшылық жайлады. Республика екі жылда 33 миллион малдан айырылды. Қазақстандағы осы қасіретті көзбен көрген Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев 1932 жылдың 4 шілдесінде БК(б)П өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Голощекинге хат жолдайды. Тарихқа «Бесеудің хаты» болып енген құжатта Қазақстандағы болған бұл қасіретке Голощекиннің жеке басы кінәлі екені айтылған. Олар Голощекиннің 1930 жылы Қазақстанның 10 жылдығына арналған мақаласында: «Бүгінгі Қазақстан – 163 миллион сомның тауарлы өнімін беретін, 40 миллион малы бар өлке» дегенін еске сала отырып, екі жылдан кейін республикада сол малдың 5-ақ миллионы қалғаны айтылады. Ал 1934 жылы осы малдың 3,5 миллион басы ғана қалған.

«Бесеудің хаты» деген тарихи құжатты жазған «Бесеудің бірі» Емберген Алтынбеков – Сыр бойынан шыққан айтулы қайраткер. Голощекинге хат жазылған кезде ол Өлкелік партия комитетінде нұсқаушы болатын. Е. Алтынбеков қол қойып, Ф.И. Голощекинге 1932 жылдың шілдесінде жазылған «Бесеудің хатында» Қазақстандағы ұжымдастыру, әсіресе мал шаруашылығын жүргізуде орын алған асыра сілтеудің ауыр зардаптарын өз көздерімен көрген, аштық пен аурудан қынадай қырылып, босқынға ұшыраған халқына араша сұрап, Өлкелік партия комитетінің саяси бағыты өткір сынға алынды.

XX ғасырдың 20 жылдарында Өлкелік комсомол комитетінің жанынан қыз-келіншектер арасында жұмыс жүргізетін сектор құрылады, оны да Сыр бойынан шыққан айбынды қыз Сара Есова басқарады. Қазақ қыздарының арасындағы комсомол жұмысына Ғани Мұратбаев ерекше мән берді. 1924 жылы Ақмешіт вокзалынан Мәскеуге өтіп бара жатып, өзін қарсы алған комсомол белсенділеріне: «Қазақ қыздарын ескі бұғаудан босатындар, оларды мектепке тартындар», – деп ақыл-кеңес берген екен /8/.

Осы уақыттары Астананың бір қиырда орналасуы Қазақстан өкіметінің де жергілікті жерлердегі партия, совет, шаруашылық ұйымдарымен тығыз байланысына едәуір қиындық келтірді, сондықтан астананы ауыстыру

қажеттігі туындады. Түркістан республикасының Ішкі істер халық комиссары Халық ағарту комиссары, Жер-су халық комиссары, Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары қызметтерінде ширығу, шындалу мектебінен өткен жиырма тоғыз жасар Сыр бойынан шыққан азамат Сұлтанбек Қожанұлы да межелеу комиссиясының мүшесі ретінде маңызды мәселенің басы-қасында жүріп, оның барысына белсене араласты. Ол әуелгі кезекте елдің астанасын «отар қала – Орынбордан» (өз сөзі) қалың қазақтың ортасына көшіру қажет екендігін ресми мәжіліс мінбелерінен сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ баспасөз бетінде жарияланған мақалаларында қайта-қайта қозғады. «Мемлекет астананың жұртшылығына сүйеніп жұмыс істемесе, бас хүкіметтің ісі оңбайды» /9/, – деп жазған қайраткерді қазақтың кіндік қаласының шалғай шетте ірге тебуі, бүгінгі тілмен айтқанда, геосаяси тұрғыдан қанағаттандырмады. Орынбор қаласы туралы пікірлерін ол өзі басшылық жасаған, Түркістан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің органы «Ақ жол» газетінде жарық көрген «Ұлт шекарасын ашу һәм Қазақстан», «Кешіктірмей келісу керек», «Іс жүзінде орындау керек», т.б. мақалаларында бүкпесіз ашық айтты. «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек», – деп жазды Сұлтанбек /10/.

Сұлтанбек Қожановтың тілегі қолдау тауып, 1925 жылғы ақпанның 9-ында Қазақстан Орталық Атқару Комитеті астананы Орынбордан Ақмешітке көшіруге қаулы қабылдады. Осыдан кейін кезінде, Сталиннің сөзімен сипаттағанда, «Ортаазиялық Шыңғысхан» Қожанов Сұлтанбек те осал адам болмағанын көреміз. Осылайша қазақ елінің бөлінбес бөлшегі болып саналатын Сыр бойы, Сыр өлкесі бүкіл түркі әлемі, Шығыс елдері, Еуразия тарихының ауқымында елдің дамуы заңдылықтарын айқындайтын маңызды іс атқарған Сыр бойынан шыққан қайраткерлер есімдері ұмытылмауы тиіс.

Бақытжан Ахметбек, *Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері*

Пайдаланған әдебиеттер

1. Нүрпейісов К. Становление Советов в Казахстане. Март 1917 июн. 1918. – Алматы, 1987. 75 с.
2. Қазақстан тарихы. (Көне заманнан бүгінге дейін) бес томдық. 4-том. Алматы: 2010. – 752-б.
3. Шоқай М. Естеліктер. – Стамбул. 1997. – 81-б.
4. Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы., 1994. – 108-б.
5. Жүсіп С. Қанышер Герждоттың қолжазбасы. Алматы: 2007. 2196-б.
6. Аяған Б. Герждоттың ақырғы жорығы. // Егемен Қазақстан, 28 қараша, 2007.
7. Жүсіп С. Қанышер Герждоттың қолжазбасы. Алматы: 2007. 2196-б.
8. Қодаманов Б. Қылышбаев А. Арал. – Алматы. 2003. – 194-б.

9. //Ақ жол, 1925, 28 қаңтар.

10. //Лениншіл жас. 1925 ж. 27 ақпан.